

"Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты" КЕАҚ



"Бекітілген"
Ғылыми кеңестің шешімімен
2024 жылғы " 27 " тамыз, №1 хаттама

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында
академиялық демалыс беру туралы**

ЕРЕЖЕ

Арқалық, 2024ж.

1. Академиялық демалыс - бұл білім беру ұйымдарындағы білім алушылар медициналық көрсетілімдер бойынша, бала күтімі бойынша, әскери қызметке шақыру бойынша оқуын уақытша тоқтататын кезең.

2. Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш береді және растайтын құжаттарды ұсынады.

3. Офис-регистратор білім алушының құжаттар топтамасын тіркейді және талаптарға сәйкес болған жағдайда оларды Басқарма Төрағасы-Ректорға бұйрыққа ұсынады.

4. Академиялық демалыс білім алушыларға мынадай жағдайларда беріледі:

1) амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік - консультациялық комиссияның (бұдан әрі-ДКК) қорытындысы, ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі ауру бойынша. Егер осы уақыт кезеңінде білім алушының денсаулық жағдайы бойынша оқуға қосылуға мүмкіндігі болмаса, академиялық демалыс ДКК анықтамасы негізінде қосымша 12 айға дейін ұзартылады.

Білім алушы жүгінген кезде қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) ЖОО ректорының атына академиялық демалыс беру туралы өтініш.

2) амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-консультативтік комиссияның қорытындысы (медициналық ұйымнан алған сәттен бастап 5 күн ішінде жарамды).

5. Үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша академиялық демалыс беру. Білім алушы жүгінген кезде қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) ЖОО Басқарма Төрағасы-Ректорының атына академиялық демалыс беру туралы өтініш.

2) баланың тууы, асырап алуы туралы құжаттар (куәлік).

6. Әскерге шақырылушы студенттерге академиялық демалыс беріледі (шақырылғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде). Білім алушы жүгінген кезде қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) ЖОО Басқарма Төрағасы-Ректорының атына академиялық демалыс беру туралы өтініш.

2) әскери қызметке шақыру туралы анықтама (қорғаныс істері жөніндегі басқармадан алған сәттен бастап 5 күн ішінде жарамды).

Білім алушыларға ұсынылған құжаттар сәйкес келген жағдайда институт үш жұмыс күні ішінде академиялық демалысқа шығу және қайтару мерзімдерін көрсете отырып, бұйрық шығарады.

7. Академиялық демалыстан шыққаннан кейін білім алушы институттың Басқарма Төрағасы-Ректор Офис-регистратор бөлімі арқылы өтініш береді және төменде көрсетілген құжаттардың бірін ұсынады:

- оқуды жалғастыру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар денсаулық жағдайы туралы ДКК анықтамасы;

- әскери билеттің көшірмесі;

- баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі немесе бала асырап алуды растайтын құжат.

8. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру гранты бойынша оқитын студентке академиялық демалыс беру және одан шығу туралы бұйрықтың көшірмесі осы бағдарламаны қаржыландырудың тиісті сомасы мен мерзімдерін түзету үшін жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын білім беру саласындағы уәкілетті органға – білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарға үш күн ішінде жіберіледі.

9. Академиялық демалыстан оралған кезде білім алушы осы демалыс ресімделген курстан және академиялық кезеңнен бастап оқуын жалғастырады.

10. Егер академиялық демалыстан шығу немесе академиялық демалысқа шығу күні академиялық кезеңнің басталуымен немесе аяқталуымен сәйкес келмесе, онда студент жеке кесте бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындайды және қабылдау рейтингі үшін қажетті балл жинайды не жазғы семестрде айырмашылық қалыптасқан пәндерге жазылады.

11. Айырмашылықты жою үшін студент ағымдағы оқу сабақтарымен қатар академиялық кезең ішінде оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылауды тапсырады, академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңінде рұқсат алады және қорытынды бақылауды тапсырады.

